

Молқыны жавалауды жаққа сабап,

Қайықты қағып ойнап,

тасты жалап.

Жігері сыймағандай өз бойына,

Торайғыр көлі жатыр күміс табақ.

Амангелді ағаның өлеңі. Кіндік қаны тамған ауылының әсем табиғатын тілінен бал тамызып жырға қосқан. Туған жер әманда ыстық. Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы ауыл, перзенті Амангелді ағаға қалай ыстық болса, отарқалықтарға да солай ыстық. Араға бірталай жыл салып Әбекеңнің өсіп-өнген жеріне табан тірегенімізде, көз алдымызда жақпар тасты, ну қарағайлы тау, айнадай жарқыраған айдынды көл жарқ етті. Ұстазымыз Амангелді ағаның ізі сайрап жатқан киелі мекен. Жаз ішінде Әбекең өзі бас болып редакция ұжымын туған ауылына тынығуға сан мәрте алып барған. Сұлтанмахмұт бейітіне тәу етіп, тау-тас кезіп, Найзатастың бауырында

жетекшісі Ғабдүлмәлік Ыбырай мен кітапханашы Алмагүл Қожабергенова көмегін тигізгенін айта кету ләзім. Алдағы уақытта осы ауылда мұражай ашылады, сол кезде мүйіс сонда көшіріледі. Тағы бір атап өтерлік жайт, Амангелді аға алашшыл ақын Сұлтанмахмұтты елге үлгі етіп жүруші еді, енді ұстазымыз жайлы біраз дерек Сұлтанмахмұттың музейіне орналастырылды.

Рухани-мәдени іс-шараны «Отарқа» газеті редакторы, ақын Жанаргүл Қадырова мен өнерлі азамат Қуаныш Бөтенов жүргізді.

- Қазағы үшін бөлін бекем буыпты,

Қалам алып, сөз өнерін қуыпты.

Торайғырдың тастүлегі атанған,

Бұл өңірде Қаңтарбаев туыпты, -

деп бастаған Қуаныштың сөзін ақын Жанаргүл:

- Еңбек өткен ұлт мүддесі жолында,

«Отарқадай» мұра тастап соңына.

Қаңтарбаев мектебі деп аталды,

Шәкірттері қалам алған қолына, -



А.Қаңтарбаевқа арналған мүйісте

Біз Қаңтарбаев мектебіненбіз!



Торайғыр ауылы



«Наркескен - 2017» байқауының жүлдегерлері

естелік суретке түскен дәуренді күндер көңіл түкпірінен қалқып шыға келді.

- Басы үшкір, түстігі еңкіш, көл жааы тік,

Тасын құша өсіпті қына мен мүк.

Терістіктен басына шықпақ түгіл,

Төрт-бес метр өрмелеу қиямет жүк, - деп, «Сөкен шыңы» өлеңін оқыған ақын ағамыздың даусы саңқылдап құлаққа қайта жеткендей...

Сол Сөкен шыңындай асқақ Амангелді ағаның өмірден өткеніне 3 жылдан асып кетті. Бұл жолғы сапарда арамызда болмағанымен, рухы бірге еді. «Біз Қаңтарбаев мектебіненбіз!» атты мәдени-рухани шараны өткізудегі мақсат та ауылдастары алдында асыл азамат жайлы салиқалы әңгіме өрбітіп, артына қалдырған әдеби мұрасын насихаттау болатын.

Жергілікті мәдениет үйіне жиылған қауым әуелі Амангелді Қаңтарбаевтың өмір жолы, қызметінен сыр шертетін мүйістің ашылу рәсіміне қатысты. Көк лентаны Екібастұз қаласының Құрметті азаматы Болат қажы Әбенев пен Амангелді ағаның баласы Таңнұр бауырымыз қиған соң, үлкен-кіші фотосуреттерді, қаламгердің жеке заттарын тамашалады. Мұнда қойылған жөдігерлердің бір бөлігін марқұмның жары Мәктай апа ұсынып, көркемдеп-безендіруге клубтың көркемдік

деп іліп әкетті.

Сахна төріне көтерілген Ақбеттаудың абызы Зекебай Солтанбаев ақсақал ұлағатты сөзімен жұртты ұйытты.

- Жүрегің ақындық жалын шарпыған Амангелді көз алдымда ер жетті, еліне қызмет етті. Үміт артқан інім еді, сол үмітті ақтады. Жаратылысы ерекше, батыл, айбарлы, отты еді. Сарыарқаны отты өңірге айналдырып, «Отарқа» газетін ашып, парызын өтеді. Сөйтіп, қадір-қасиетінің басым шағында өмірден өтті. Соңында журналист Амангелдінің үлгісі қалды. Оның жазу, ойлау, жеткізу машығын шәкірттері Жассерік, Жанаргүл, Айнұр мен Дарияның жазған-сызғанынан қарақты көз көре алады, - деп, Зекебай ақсақал тереңнен толғай сөйледі.

Амангелді аға көзі тірісінде қарияны ерекше қадір тұтты. Екеуінің арасындағы татымды әңгіме, жарасымды өзіп-қалжыңды естіген, көрген соң айтып отырмыз. Әкесі бағалай білгенді - баласы да бағалай біледі. Таңнұр Қаңтарбаев әулет атынан абыз атаның иығына зерлі шапан жапты.

Екібастұз қаласының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері,



Кешті әсем әнмен әрлеген Альмира Қабдылхакім, Ләззат Шушаева, Гүлмира Алданова, Әлия Нұрбаева (солдан оңға қарай)

ұлағатты ұстаз Жеңіс апай Мейірманды Амангелді ағамен ұлт мүддесі табыстырып, күш біріктіре сол жолда табанды күрес жүргізгені мәлім. Жеңіс апай өз сөзінде Қаңтарбаев мұрасын насихаттауға мән берілуі керектігіне назар аударды. Осыдан соң өңші Ләззат Шушаева «Ана туралы жыр» әнін шырқады. Бұл әннің сөзін Амангелді

аға Павлодар педучилищесінде оқып жүргенінде жазыпты. «Ақ тілекті, Пәк жүректі. Сағындым ғой, Анамды - бәйтеректі» деп, өмірден ерте өткен анасын сағынғанында домбыра шертіп, ыңылдап айтып отырады екен. Әсерлі кешке Ақкөл-Жайылмадан келген орденді ардагер ұстаз, марқұмның жан жолдасы Сәмет Зайырбаев естелік сөзінде осылай деді.

Қайран өмір-ай! Сол бір шақта Амангелді аға анасын аңсап, сағынышы жүрегінен жыр болып төгілсе, бүгін біз Амангелді ағаның өзін сағынып жүрміз...

- Сағыныш боп көңілді торлаңыз бір,
Соңындағы біз бірақ жолдамыз нұр.
Уықтарын өзіңіз шаншып кеткен,
Ортамызда «Отарқа» ордамыз тұр,
- деп, әйтпегенде шәкірті Жанаргүл ақын жыр жазар ма?!

Содан соң қарыз бен парыз бар. Бұл орайда да бірқыдыру жұмыс жасал-

ғанын жоғарыда айттық. Жүзеге асырылатын бірқатар іс-шара кезегін күтіп тұр.

- Алп, алп басқан, алп басқан,
Арабы торым сен өдің.
Жазылы алтын, қол кескен,
Алдаспаным сен өдің, - депті би Темірге айтқан толғауында әйгілі Шалкиіз жырау.

Амангелді ағамыз да ақиқаттың жоқтаушысы болған, тіліп түсер алдаспан еді ғой. «Қазақстанның Құрметті журналисі» Амангелді Қаңтарбаев үрдісі үзілмесін деп марқұмның отбасы үш жылдан бері «Наркескен» журналистік байқауын жариялап келеді. Осы жолы сол байқау жүлдегерлері қаламгердің туған ауылында марапатталды. Бірінші орынды «Сарыарқа самалы» газетінің журналисі Мұрат Аяғанов «Қосым жайлы ақиқат» танымдық мақаласы үшін иеленді. Екінші орын «Баянтау» газеті қызметкері Еламан Қабдыләшімге «Екібастұз – есімді алған өлең» мақаласы үшін бұйырды. Үшінші орын «Отарқа» газеті тілшісі Оралхан Қожановқа «Көмірлі өңірдің көңілді өмірі үзілмесін» мақаласы үшін ұйғарылды. Сонымен бірге, Фархат Әміренов («Сарыарқа самалы»), Манар Ерботина («Богатырь Көмір» ЖШС-і) және Әсем Орынтаеваға («Отарқа») ынталандыру сыйлықтары тапсырылды. Дипломдар мен ақшалай сыйлықтарды Амангелді Қаңтарбаевтың немерелері Әкбар, Азат, Әмір және «Екібастұз дауысы - ақпараттық орталығы» ЖШС-і директо-

ры Айнұр Мейрамова табыс етті.

Ерейментаулық ақын Сайлау Жылқыбаев пен танымал ақын Сайлау Байбосын толғай сөйлеп, арнау өлеңдерін оқыды. «Амангелді ағаны сырттай білгеніммен, дидарласқан жоқ едім. Бүгінгі кеш ұлтжанды азаматтың болмыс-бітімін жарқыратып ашып көрсетті. Жақсыны тани түскенге не жетсін!» - деген ерейментаулық қонақтың сөзі мәдени-рухани кештің мақсатына жеткенін айғақтаса керек.

Айтпақшы, С.Торайғыров атындағы мектептің шәкірттері Амангелді ағаның өлеңдерін жатқа оқыды. Мектеп мұғалімдері Гүлмира Әміржанқызы мен Әсем Шарапиденқызы енді жыл сайын «Қаңтарбаев оқуларын» ұйымдастыруға ниет етіп отыр.

Рухани-мәдени кеште «Атамұра» әншілері Гүлмира Алданова, Альмира Қабдылхакім, әнші ұстаз Шолпан Тоқажанова және қызы Әлия Нұрбаева әннен шашу шашты. Соңында ардагер ұстаз Шолпан Жақыпова ауылдастары атынан іс-шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтты. Біз өз тарапымыздан қолдау көрсеткен Торайғыр ауылы әкімі Арғын

Аббаров пен клуб меңгерушісі Бикен Нұрғожинаға, сонымен қатар, С.Торайғыров атындағы мемориалдық музей басшысы Нағима Серікбаеваға ризалық білдіреміз.


«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген емес пе. Амангелді ағаның отбасы ата-баба жолымен ас беріп, құран бағыштатты.

... «Алаш туы астында, біз алаштың баласы...» деген асқақ арманды Сұлтанмахмұттың жиырма жеті жасында демі үзіліп еді. Сұлтанмахмұт жетпеген мұратқа қазақ баласы жеткелі жиырма алтыншы жылға кетті. Амангелді аға көрсеткен жолмен біз де Алаш ақыны кесенесінде болып, тәу еттік. Тау бөктерінде мәжіліс құрып, дарынды жас ақындар Ерболат Әміренов, Еламан Қабдыләшім мен Еламан Төлеутай кезек-кезек жалынды жыр оқыды. Сұлтанмахмұт дөнін сепкен, Амангелді ағалар мәпелеп, баптаған жеміс - жас өркен, бұлар, алаштың үміті. Қазақ осылай көркейді, көркейе де бермек!


**Жассерік СӘДУАҚАС,
Торайғыр ауылы**



Зекебай Солтанбаев



«Отарқа» газетінің редакциясы осы сапарға көлік ұсынған кәсіпкер Орынбасар Алеевке, сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп және Торайғыр ауылдарында өткен кештерімізді әнмен әрлеп, музыкалық жабдықпен қамтамасыз еткен




Әулиебұлақ басында



«Атамұра» мәдениет
орталығының (директо-
ры Нұрсұлу Төлеубаева)
ұжымына зор алғыс
білдіреді.



С.Торайғыров атындағы мектептің оқушылары (Торайғыр ауылы)



Кеш қонақтары

